



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

09 наурыз 2022 жыл

KASE ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздар индекстерін есептеуді бастайды

2022 жылдың 09 наурызынан бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы индекстерінің серияларын есептеуді және жариялауды бастайды.

Индекстердің мәндері МБҚ нарығындағы сауда-саттық аяқталғаннан кейін күніне бір рет есептелетін болады және Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

Осы индекстер үшін өкілетті тізім ретінде KASE ресми тізіміне енгізілген, купонның тиянақталған мөлшерлемесі бар және теңгемен номинацияланған Қазақстан Республикасының индекстелмеген МБҚ пайдаланылатын болады. Индекстердің өкілетті тізімі өтеу мерзімі бойынша сегменттелген: бір жылдан кем (s), бір жылдан бес жылға дейін (m), бес жылдан бастап және одан көп (l). Тиісінше KASE қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағалы қағаздар үшін индекстердің үш сериясын есептеуге ниетті. Әр серияға мыналар кіреді:

- KZGB_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағанда бағалар бойынша есептелетін, МБҚ-ның "таза" бағаларының баға индексі;
- KZGB_DP – жиынтық табыстың баға индексі, яғни есептелген купондық сыйақы мен қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып бағалар;
- KZGB_Y – жылдық пайызбен көрсетілген, кірістілік индексі.

МБҚ индекстерінің жаңа сериялары өтеуге дейінгі түрлі мерзімдердегі мемлекеттік бағалы қағаздардың құны мен кірістілігінің өзгеруін көрсетеді.

МБҚ индекстерін есептеу Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалатын МБҚ мәмілелері бойынша күніне бір рет жүзеге асырылады. Мәмілелер болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда KASE "Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес анықталған МБҚ нарықтық бағалары есепке алынатын болады.

Биржа МБҚ жаңа индекстерінің әдіснамасын анықтау кезінде облигациялар бойынша Еуропалық комиссияның (European bond commission) және қаржылық талдаушылар қоғамдарының Еуропалық Федерациясының (European Federation of financial analysts societies) облигациялық индекстерін анықтаудың жалпы қабылданған практикасын ескерді.

Естеріңізге сала кетейік, KASE биржалық нарығы қазақстандық нарықтағы ақша мен қаржы құралдары құнының негізгі бенчмарктерін қалыптастыру көзі болып табылады. Атап айтқанда, KASE Индексі – қор нарығының негізгі индикаторы, МБҚ кірістілік қисығы және TONIA индексі – ақша нарығының жалпы қабылданған индикаторлары және ақша құнының негізгі бэнчмаркі.

МБҚ индекстері KASE сайтында "Қор нарығының индикаторлары" бөлімінде – https://kase.kz/ru/stock_market жарияланады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.